

2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2014 жылғы 19 мамырдағы № 1502 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 маусымда № 3929 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 4025 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 30.12.2014 № 4025 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. Арынғазиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі	Е. Омаров
	Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 19 мамырдағы № 1502 қаулысына 1 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Қала атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар (саны)

1	Ақтөбе қаласы	1360
	барлығы	1360

	Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 19 мамырдағы № 1502 қаулысына 2 қосымша
--	---

Айына жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі

Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар					
	Балабақшалар		Шағын орталықтар			
			Балалар жарты күн болатын		балалар толық күн болатын	
	Қалалық жерде	Ауылдық жерде	Қалалық жерде	Ауылдық жерде	Қалалық жерде	Ауылдық жерде
20000	23736	5321	6648	11188	13915	

	Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 19 мамырдағы № 1502 қаулысына 3 қосымша
--	---

Ата-ананың күніне бір тәрбиеленушіге ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар		
	Балабақшалар (орталықтар)		Балалар толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар
	Ұйымдарда болу ұзақтығымен		
	9-10, 5 сағат	1 2 сағат	
400	420	400	

Ескертпе: бір тәрбиеленушіге күніне ата-ананың ақы төлеу мөлшері 420 теңгеден артық емес.